

Құрметті Жақып Қажыманұлы!

Мен, **Жоламан Тұрсынбаев**, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Еңбек ардагері, «Құрмет» орденінің иегері, композитор, Нұр-Сұлтан қаласы Мамандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы **Әділбек Ілиясұлы Дүйсебаевқа** шексіз алғысымды білдіргім келеді.

Мәселенің жәй жапсары мынандай. Осыдан 4 жыл бұрын *Мерчан Нури* деген түрік азаматы, қызым *Мәдинамен* интернет арқылы танысып, «сүйдім, күйдім, түркиядағы менің вилламда мәңгі бақытты ғұмыр кешеміз» - деп басын айналдырып, бұған дейін бірнеше рет үйленіп, 3 баланың әкесі болған ол, бізден жасырып, қызыммен некеге отырған. Міне, осы кезден бастап менің шаңырағым бітпес дау-дамай, ұрыс-керіс, лас өмір демі кірді. Себебі менің пәтерімде бір-екі ай ғана тұрайын - деген түрік-күйеудің, бізбен тұрғанына табаны күректей, міне, 4 жылдың жүзі болды. Ол хроникалы алкоголь, халықаралық альфонс-алаяқ, арамтамақ, адами тұрпаттан мүлдем жұрдай надан адам болып шықты...

Осы мәселені көтеріп, өз басым біршама құқық қорғау орындарында болдым. Оларға сыған-түріктің еш жерде жұмыс істемейтінін, қызыма, қыздың шешесіне қол көтеретінін, ішіп алып, ұлттық намысқа тиер былапыт сөздерді айтып балағаттайтынын, өзімізді, көршілерімізді әбден ығыр қылғанын, шет елдік азаматтың елімізде тәртіп сақтау заңнамасын үнемі бұзатындығы туралы дәлелді айғақтар бердім. Бірақ олар қызымның түрікке өз ықтиярымен қосылғанын айтып, шындыққа араша түспеді, шыбық басын сындырмады. Жаныма батқаны - өз елімде, өз төрімде қаңғыбас біреудің ойран салып, мазақ етіп, ойына келгенін жасауында! Бүгінгі күні қаншама қазақ қыздарының бастары осындай альфонс-алаяқтардан дуаланып, олар әке-шешесіне, тума-туыстарына бітпес қайғы мен қасірет әкелуде, десеңізші!

Міне, үстіміздегі жылдың 17 шілдесінде осы мәселені қарап, байыбына барған ауданаралық әкімшілік соттың судьясы **Әділбек Дүйсебаев** мырзаның биік моральдық ұстамына, шынайы әділдігіне, кәсібилік біліктілігіне, сонымен қатар, биязы сезімталдығына куә және тәнті болдым. Осының дәлелі – өз жерінен қашқақтап, біздің елде шалқақтап жүрген сыған-түрікке сарыла күткен айып тағылды!

Осы судьяның шешімі қара қылды қақ жарған дана да дара би бабаларымыздың істерін жүрегімде салтанат құрғызды, жаңғыртты!

Сөзімнің соңында: «Тәуелсіз, дербес Қазақ елінің намысын, құқығын қорғауда жемісті де жеңісті істер атқара бер, атыңа затың сай текті інім – Әділбек!» – дегім келеді.

Шынайы құрметпен,

Жоламан Тұрсынбаев